

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫНА ӘСЕРІ

**А.О. Мергембаев, Р.С. Мухитдинов, А. Дүйсенбаева**

### АНДАТПА

Мақалада Қазақстан Республикасындағы отбасы институтының қазіргі ахуалы және оған әсер ететін бес орталық заңнамалық акт – «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңы (1997), ҚР Әлеуметтік кодексі (2023), «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі (2011), «Білім туралы» ҚР Заңы (2007) және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің № 257 бұйрығы (2023) – кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу нысаны – аталған актілер шеңберінде толық емес отбасы санатына бағдарланған мемлекеттік қолдау тетіктері: атаулы әлеуметтік көмек (АӘК), асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы, тұрғын үй көмегі және «Бақытты отбасы» бағдарламасы. Зерттеу пәні – «толық емес отбасы» ұғымының заңнамалық бекітілуінің ажырасу динамикасына жанама ынталандырушы әсер ету ықтималдығы, атап айтқанда «жесір», «ажырасқан әйел» және «жалғызбасты ана» мәртебелерін бір ұғымда біріктіру практикасынан туындайтын нормативтік-функционалдық шатасу. Жұмыс үш методологиялық қабатты біріктіреді: (1) формалды-құқықтық талдау – аталған бес актінің мазмұны мен жинақтық ынталандырушы мағынасы; (2) сипаттамалық статистика мен салыстырмалы талдау – ҚР ҰСБ-ның 2022–2025 жж. деректері және ҚР-мен мәдени-нормативтік тұрғыдан ұқсас Ресей Федерациясының Солтүстік Кавказ өңірлерімен салыстыру; (3) нормативтік-этикалық рефлексия – ислам құқығы мен қазақ әдет-ғұрып нормаларын заңнамалық тетіктер реттейтін аймақтарда салыстырмалы контекст ретінде тарту. Зерттеуде ажырасудың өсуі тек әлеуметтік саясатпен түсіндірілмейтіні мойындалып, ескертпелі гипотеза ретінде толық емес отбасыларға бағытталған қолдау тетіктерінің жанама ынталандырушы мінез-құлықтық әсер ете алуы мүмкін екені талданады. Қорытындыда әлеуметтік бағдарламаларды қайта қарау және татуластыру тетіктерін енгізу бойынша ұсыныстар тұжырымдалады.

**Түйін сөздер:** отбасы институты, ажырасу, толық емес отбасы, атаулы әлеуметтік көмек, жесір әйел, әлеуметтік саясат, құқықтық мәртебе.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

#### Автор-корреспондент:

А. Мергембаев,  
akanmergembai@gmail.com

#### Сілтеме:

Мергембаев А.О., Мухитдинов Р.С., Дүйсенбаева А. Қазақстан Республикасындағы кейбір заңнамалық актілердің дәстүрлі отбасы институтына әсері // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №2 (108). – Б. 137-149. – DOI: 10.48010/02h4vt87

#### Ашық қолжетімділік

© Автор(лар), 2026  
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.  
<https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/>

Редакцияға түсті: 13/02/2026  
Қабылданды: 25/04/2026  
Онлайн жарияланды: 30/06/2026

### Влияние некоторых законодательных актов Республики Казахстан на институт традиционной семьи

**Аннотация.** В статье комплексно рассматривается современное состояние института семьи в Республике Казахстан и влияние на него пяти ключевых законодательных актов: Закона РК «О жилищных отношениях» (1997), Социального кодекса РК (2023), Кодекса РК «О браке (супружестве) и семье» (2011), Закона РК «Об образовании» (2007) и Приказа Министра труда и социальной защиты населения РК № 257 (2023). Объектом исследования выступают инструменты государственной поддержки, ориентированные на категорию «неполная семья» в рамках указанных актов: адресная социальная помощь (АСП), пособие по случаю потери кормильца, жилищная помощь и программа «Бақытты отбасы». Предметом анализа является вероятность косвенного стимулирующего воздействия законодательного закрепления понятия «неполная семья» на динамику разводов, – в особенности через объединение в рамках единого нормативного понятия правовых статусов «вдова», «разведённая женщина» и «одинокая мать». Работа объединяет три методологических уровня: (1) формально-правовой анализ пяти ключевых актов и их совокупного стимулирующего содержания; (2) сравнительный анализ данных БНС РК за 2022–2025 гг. и аналогичных процессов в регионах Северного Кавказа РФ; (3) нормативно-этическую рефлексию с привлечением норм исламского права и казахского обычного права в качестве сравнительного контекста. Авторы признают, что рост числа разводов объясняется не только мерами социальной политики; в статье обозначаются косвенные признаки возможного стимулирующего воздействия в форме осторожной гипотезы, требующей эмпирической проверки на основе микроданных. В заключении сформулированы рекомендации по пересмотру социальных программ и внедрению механизмов примирения супругов.

**Ключевые слова:** институт семьи, развод, неполная семья, адресная социальная помощь, вдова, социальная политика, правовой статус.

## The Impact of Certain Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on the Institution of the Traditional Family

**Abstract.** This article examines the current state of the family institution in the Republic of Kazakhstan and the influence of five legislative acts: the Law of the Republic of Kazakhstan “On Housing Relations” (1997), the Social Code of the Republic of Kazakhstan (2023), the Code of the Republic of Kazakhstan “On Marriage (Matrimony) and Family” (2011), the Law of the Republic of Kazakhstan “On Education” (2007), and Order No. 257 of the Minister of Labour and Social Protection (2023).

The object of the study is the system of state support instruments aimed at single-parent families within these acts, including Targeted Social Assistance (TSA), survivor benefits, housing assistance, and the “Bakytty Otbasy” program. The study examines whether the legislative consolidation of the concept of a “single-parent family” may have an indirect incentivizing effect on divorce dynamics, particularly through the regulatory consolidation of the legally distinct statuses of “widow,” “divorced woman,” and “single mother” under a single category.

The research integrates three methodological components: (1) formal legal analysis of the five legislative acts and their cumulative incentive effects; (2) descriptive statistics and comparative analysis of data from the Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan (BNS RK) for 2022–2025 and comparable trends in the North Caucasus regions of the Russian Federation; and (3) normative-ethical analysis drawing on Islamic law and Kazakh customary law as a comparative framework.

The authors acknowledge that rising divorce rates cannot be attributed solely to social policy. Indirect indicators suggesting a possible incentivizing effect are identified as a cautious hypothesis requiring further verification through micro-level data analysis. The article concludes with recommendations for revising social support programs and introducing reconciliation mechanisms for spouses.

**Key words:** Family Institution, Divorce; Single-Parent Family, Targeted Social Assistance, Widow, Social Policy, Legal Status.

### Кіріспе

Отбасы институтының тұрақтылығы – мемлекет дамуының іргелі алғышарттарының бірі. Отбасы қоғамның әлеуметтік ұясы ғана емес, ұлттық мәдениет пен дәстүрдің, әлеуметтік тәртіп пен демографиялық дамудың негізі. Сондықтан отбасы мәселесін мемлекеттік деңгейде шешу әлеуметтік саясаттың ғана емес, ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде қаралуға тиіс.

2025 жылдың 8 қыркүйегіндегі Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында толық емес отбасы санатының заңнамалық бекуі ажырасу деңгейінің өсуіне ықпал еткен мүмкін факторлардың бірі ретінде көрсетілді [1]. Жолдаудағы тұжырым саяси-риторикалық сипатта берілгендіктен, оны ғылыми тұрғыдан тексеру және эмпирикалық деректермен салыстыру қажеттілігі туындайды. Қазақстандағы ажырасу үдерісін діни-мәдени трансформация мен жаһандану контекстінде талдаған шетелдік зерттеулерде атап өтілгендей, 2014–2019 жылдары елімізде әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталған және ажырасулардың басым көпшілігі некенің алғашқы он жылында тіркелген [2].

Бұл жұмыста Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының 2020–2025 жылдардағы деректері бойынша ажырасу динамикасы талданып, олардың әлеуметтік қолдау тетіктерімен ықтимал байланыстары

қарастырылады. Бұл ретте біз ажырасудың өсуі тек әлеуметтік саясатпен түсіндірілмейтінін, оның экономикалық, мәдени-құндылықтық, психологиялық себептерінің де болатынын мойындаймыз. Сондықтан мақалада «АӘК ажырасуды тудырады» деген кесімді тұжырым ұсынылмайды, керісінше – толық емес отбасыларға бағытталған кейбір тетіктердің жанама стимулдау әсері болуы мүмкін деген болжам тексеріледі.

Зерттеудің жұмыс гипотезасы: қазіргі әлеуметтік бағдарламалар мен заңнамалық тетіктер отбасы институтын нығайтудан гөрі, кейбір жағдайларда оның құрылымдық трансформациясына – толық отбасынан толық емес отбасыға өтуге – жанама ынталандырушы әсер ете алады. Гипотеза кесімді себеп-салдар тұжырымы ретінде емес, тексерілуі тиіс ықтимал байланыс ретінде ұсынылады.

Мақаланың мақсаты – Қазақстандағы отбасы институтына әсер ететін кейбір заңнамалық актілер мен әлеуметтік бағдарламаларды – атап айтқанда, «Тұрғын үй қатынастары туралы» № 94 ҚР Заңы (1997), ҚР Әлеуметтік кодексі (2023), «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі (2011), «Білім туралы» ҚР Заңы (2007) және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің № 257 бұйрығы (2023) – құқықтық, әлеуметтік-демографиялық және нормативтік-этикалық тұрғыдан талдау, олардың проблемалы тұстарын айқындау және шешу жолдары бой-

ынша ұсыныстар тұжырымдау. Зерттеу нысаны – «Атаулы әлеуметтік көмек», асыраушысынан айырылғандарға жәрдемақы, тұрғын үй көмегі және «Бақытты отбасы» бағдарламасын қоса алғандағы толық емес отбасы санатына бағытталған мемлекеттік қолдау тетіктері. Зерттеу пәні – аталған бағдарламалар шеңберіндегі «толық емес отбасы» ұғымының заңнамалық бекітілуінің ажырасу динамикасына жанама ынталандырушы әсер ету ықтималдығы, атап айтқанда осы санатқа кіретін «жесір», «ажырасқан әйел» және «жалғызбасты ана» мәртебелерінің бір ұғымда біріктірілуінен туындайтын нормативтік шатасу.

Зерттеу міндеттері төмендегідей:

1. Толық емес отбасы санатына бағытталған мемлекеттік қолдау тетіктерін (АӘК, тұрғын үй көмегі, асыраушысынан айырылғандарға арналған жәрдемақы, «Бақытты отбасы» бағдарламасы, бір жолғы және ай сайынғы балаларға жәрдемақылар) құқықтық тұрғыдан жүйелеп көрсету.

2. Толық емес отбасы ұғымының нормативтік қалыптасуын және оның «жесір», «ажырасқан әйел», «жалғызбасты ана» санаттарымен арақатынасын анықтау.

3. Қазақстандағы 2020–2025 жылдардағы ажырасу динамикасын Ресей Федерациясының Солтүстік Кавказ өңірлеріндегі ұқсас процестермен салыстырмалы тұрғыдан зерделеу.

4. Алынған нәтижелер негізінде отбасы институтын нығайтуға бағытталған ұсыныстар тұжырымдау.

Мақала құрылымы құқықтық талдау, әлеуметтік-демографиялық талдау және нормативтік-этикалық рефлексия бөлімдері кезекпен құрылған. Діни-нормативтік қабат бұл жұмыста жеке құқықтық дәйектеме ретінде емес, қазақ қоғамының тарихи нормативтік жадысының бір қабаты ретінде, дәстүрлі отбасы моделін түсінуге қажетті салыстырмалы контекст ретінде қарастырылады. Бұл әдіснамалық таңдау жұмыстың әдіснама бөлімінде жеке негізделеді.

## Әдіснама

Зерттеу әдіснамасы пәнаралық сипатта және үш қабаттан тұрады: құқықтық талдау, әлеуметтік-демографиялық талдау және нормативтік-этикалық рефлексия. Әр әдіс зерттеу міндеттерінің нақты блогын шешуге бағытталған.

Бірінші, құқықтық талдау бөлімінде формалды-құқықтық әдіс қолданылды. Талдау нысаны – Қазақстан Республикасының бірқатар нормативтік актілері: «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 ҚР Заңы, 2023 жылғы 20 сәуірдегі ҚР Әлеуметтік кодексі (АӘК және тұрғын үй көмегін реттейтін бөлік), «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы ҚР Кодексі, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңы, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы №257 бұйрығы. Талдау барысында әр актідегі «толық емес отбасы», «жесір», «жалғызбасты ана», «асыраушысынан айырылған тұлға» санаттарының айқындамасы және оларға жүктелетін құқықтар жиынтығы қарастырылды.

Екінші, әлеуметтік-демографиялық талдау бөлімінде сипаттамалық статистика және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Эмпирикалық дереккөздер ретінде ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының 2022–2025 жылдар бойынша некелесу мен ажырасу туралы ресми жариялымдары [2; 3], «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ-ның «Берекелі отбасының қалыптасуына әсер ететін факторлар» атты әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есебі (Астана, 2024) [3], сондай-ақ Ресей Федерациясының Росстат деректері негізіндегі ашық жариялымдар [5; 6] пайдаланылды. Салыстыру нысаны ретінде Қазақстанмен ұқсас әлеуметтік-мәдени контексттегі Ресей Федерациясының Солтүстік Кавказ федералдық округі (Шешенстан, Ингушетия, Дағыстан) алынды, өйткені бұл өңірлерде 2021 жылғы әлеуметтік қолдау тетіктерін реформалаудан кейін ажырасу динамикасының өзгеруі байқалған. Салыстырмалы талдаудың шектеулі екенін мойындаймыз: статистикалық корреляция себеп-салдар байланысын дәлелдемейді, бірақ ол мүмкін байланыс туралы гипотеза құруға негіз бола алады.

Үшінші, нормативтік-этикалық рефлексия бөлімінде салыстырмалы-нормативтік әдіс қолданылады. Бұл бөлімнің зерттеудегі функциясы – қазіргі құқықтық тетіктер реттемейтін аймақтарда (мысалы, келісімді ажырасуды моральдық-нормативтік бағалауда, ата-ана құқықтарына қатысты жауапкершілік мәселелерінде) дәстүрлі қазақ қоғамында

жұмыс істеген әдет-ғұрып құқығы мен ислам құқығы нормаларын салыстырмалы контекст ретінде тарту. Авторлар бұл жерде діни нормаларды қолданыстағы құқықтың орнына ұсынбайды; олар бұл нормаларды қазақ қоғамының тарихи нормативтік жадысының және отбасы туралы дәстүрлі түсініктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Бұл тәсіл әдіснамалық тұрғыдан мәдени-құқықтық плюрализм әдебиетінде қалыптасқан тәсілмен үндеседі: дәстүрлі қоғамдарда ресми құқық пен әдеттегі-діни нормалар қатар жұмыс істейді және адамдардың отбасылық мінез-құлқын бір мезгілде бірнеше нормативтік жүйе әсер етеді. Соңғы жылдардағы исламтану әдебиетінде мақасид аш-шариға (мақсат-бағдарлы фикхтік талдау) тұжырымдамасы заманауи құқықтық сын-қатерлерге жауап беретін икемді әдіснамалық құрал ретінде дамытылып келеді [4], ал ислам отбасы құқығының социологиялық салдарын зерттеу мұсылман қоғамдарындағы неке мен ажырасу динамикасын талдаудың өзекті бағыты ретінде орныққан [5].

Әдіснамалық шектеулер. Зерттеу авторлық бастапқы әлеуметтанулық деректерге емес, қолда бар екінші реттік деректерге негізделген. Сондықтан мақаладағы тұжырымдар категориялық себеп-салдар тұжырымы ретінде емес, ары қарай эмпирикалық тексеруді талап ететін гипотезалар ретінде қарастырылады.

### **Толық емес отбасы санатын қолдайтын заңнамалық актілер: құқықтық жүйелеу және статистикалық контекст**

Қазақстандағы отбасы институтының тұрақтылығына қатысты ең көрнекті көрсеткіштердің бірі – ажырасу деңгейі. ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2024 жылы елімізде 40,5 мың ажырасу тіркелген; қалалық жерлерде – 30,1 мың (74,4%), ауылдық жерлерде – 10,4 мың (25,6%); ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 2,01-ді құрады [6]. 2025 жылғы дерек бойынша ажырасулар саны 45,7 мыңға жетіп, коэффициент 2,24-ке дейін көтерілді [7]. Бұл бір жыл ішінде ғана ажырасулардың абсолютті саны шамамен 12,8%-ға өскенін көрсетеді. Орта мерзімді динамикаға назар аударсақ, 2022 жылы елімізде 44,5 мың, 2023 жылы 40,2 мың, 2024 жылы 40,5 мың ажырасу тіркелген, ал 2025 жылы көрсеткіш 45,7 мыңға жетті [2; 3].

Бұл деректер 2022–2024 жылдар аралығында ажырасу деңгейінің салыстырмалы тұрақтылығы байқалғанын, ал 2025 жылы абсолютті санның бір жыл ішінде 12,8%-ға өсуі статистикалық тұрғыдан назар аударуды қажет ететін динамика екенін көрсетеді. Бұл өсу үрдісінің тұрақты сипатта екенін немесе уақытша ауытқу болатынын анықтау үшін келесі жылдардағы деректерді бақылау қажет.

Аталған динамика бірнеше факторлармен байланыстырылуы мүмкін. Біріншіден, экономикалық – инфляция, тұрғын үй құнының өсуі, нақты табыстың құбылмалылығы. Екіншіден, демографиялық – некеге тұрудың орташа жасының артуы (2025 ж. дерек бойынша ерлерде – 27,9 жас, әйелдерде – 25,3 жас) және алғашқы жылдары ажырасатын жұптар үлесінің жоғарылығы (1–4 жыл некеде тұрғандар арасында ажырасулардың 35%-ы тіркелген) [7]. Үшіншіден, әлеуметтік-мәдени – құндылықтардың өзгеруі, ажырасудың үйреншікті қалыпқа айналып бара жатуы. «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ жүргізген «Берекелі отбасының қалыптасуына әсер ететін факторлар» зерттеуінде ажырасудың негізгі себептері ретінде зиянды әдеттерді теріс пайдалану (маскүнемдік), отбасылық міндеттерге жауапсыздық, экономикалық себептер (материалдық қаражаттың жетіспеушілігі, жұмыссыздық), ерлі-зайыптылардың опасыздығы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, мінез-құлықтың сәйкес келмеуі, ата-ана мен туыстардың араласуы көрсетілген [3].

Жоғарыда аталған факторлар маңызды болғанымен, әлеуметтік қолдау тетіктерінің рөлі бөлек қарастыруды қажет етеді. Қоғамдық пікірде [8] және сарапшылар арасында [9] толық емес отбасыларға бағытталған әлеуметтік қолдау тетіктерінің ажырасуды жанама ынталандыруы мүмкін деген пікір тұрақты түрде талқыланады. Бұл пікірдің астарында мынадай негіз бар: толық емес отбасы санатына қарай бағытталған бағдарламалар жиынтығы біршама үлкен; кейбір жағдайларда жалғыз ата-анасы бар отбасы үшін ұсынылатын қолдау толық отбасының табыс деңгейіне жақын немесе одан жоғары болуы мүмкін. Бұл жағдай рационалды-таңдау моделінде мінез-құлықтық ынта тудырады деген тұжырым жасауға негіз бола алады, дегенмен мұндай тұжырымды қатаң эмпирикалық тұрғыдан тексеру үшін микроэкономикалық деректерге

негізделген арнайы зерттеу қажет. Әл-ауқат бағдарламалары мен отбасылық құрылым арасындағы байланысты эмпирикалық тұрғыдан зерттеген халықаралық әдебиетте әл-ауқатты реформалаудың некеге тұру мен ажырасу динамикасына статистикалық тұрғыдан байқалатын әсерінің бар екендігі көрсетілген, дегенмен бұл әсердің бағыты мен ауқымы саясат архитектурасына және өңірлік контекстке байланысты әртүрлі болатыны мойындалады [10].

Осы зерттеудің орталық нысаны болып табылатын бес заңнамалық акт – «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңы (1997), ҚР Әлеуметтік кодексінің АӘК мен тұрғын үй көмегін реттейтін бөлігі (2023), «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі (2011), «Білім туралы» ҚР Заңы (2007) және ҚР Еңбек министрінің № 257 бұйрығы (2023) – толық емес отбасы санатына кіретін тұлғаларға бағытталған мемлекеттік қолдаудың тоғыз бағытын реттейді. Бұл актілер жиынтығы бөлек-бөлек талданған емес; оларды бірыңғай нормативтік архитектура ретінде қарастыра отырып, осы санатқа берілетін қолдаудың жиынтық көлемі мен мінез-құлықтық ынтаны бағалауға болады. Аталған тетіктер мен олардың нақты мазмұны төменде жинақталып берілген.

1) Тұрғын үй беру. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 ҚР Заңы [11] негізінде «толық емес отбасы» санатындағы тұлғалар мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу кезегіне тұра алады; «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында жеңілдетілген пайыздық мөлшерлеменен ипотекалық несие алу мүмкіндігі қарастырылған; табысы төмен толық емес отбасыларға жергілікті атқарушы органдар тұрғын үй сертификатын ұсынады.

2) Балалардың тууы мен күтімі бойынша жәрдемақылар. 2025 жылғы айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3 932 теңге [12]. Бірінші, екінші, үшінші бала туылғанда 38 АЕК (≈149 416 теңге), төртінші және одан кейінгі балаларға 63 АЕК (≈247 716 теңге) бір жолғы жәрдемақы беріледі. Бала бір жарым жасқа толғанға дейін ай сайынғы күтім жәрдемақысы тағайындалады: бірінші балаға – 5,76 АЕК, екіншіге – 6,81 АЕК, үшіншіге – 7,85 АЕК, төртінші және одан кейінгілерге – 8,9 АЕК.

3) Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК). 2023 жылғы 20 сәуірдегі ҚР Әлеуметтік кодексінің 120-бабына сәйкес АӘК жан басына

шаққандағы орташа айлық табысы кедейлік шегінен (ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ы) аспайтын тұлғалар мен отбасыларға беріледі [13]. Толық емес отбасы үшін «жан басына шаққандағы табыс» формуласы өзіндік ерекшелікке ие: үй шаруашылығында бір ересек тұлға аз болғандықтан, табыс жиынтығы кіші болуы ықтималдығы артады, бұл өз кезегінде АӘК алу мүмкіндігін объективті түрде көтереді. Дәл осы есептеу механизмі біздің пайымдауымызша, мінез-құлықтық ынтаның түсуіне қайнар көздің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін.

4) Кепілдендірілген әлеуметтік пакет. АӘК алатын отбасылардың 1–6 жас аралығындағы балалары үшін азық-түлік және тұрмыстық химия тауарларының жиынтығы; 6–18 жастағы балалары үшін мектепте ыстық тамақ, оқу құралдары, мектеп киімі, көлік шығындарын өтеу және тегін медициналық қызмет ұсынылады [14].

5) Көп балалы аналарға арналған жәрдемақы. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап, отбасы кірісіне қарамастан, төрт және одан көп кәмелетке толмаған, орта арнаулы немесе жоғары оқу орнында білім алып жатқан 23 жасқа дейінгі балалары бар аналарға сараланған жәрдемақы тағайындалады.

6) Асыраушысынан айырылғандарға арналған жәрдемақы. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы №257 бұйрығы негізінде есептеледі. Жәрдемақы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейіне (ҚД) және отбасындағы асырауындағы адам санына байланысты:

- бір асырауындағы адамға – 42 530 теңге;
- екі адамға – 78 588 теңге;
- үш адамға – 104 014 теңге;
- төрт адамға – 120 194 теңге;
- бес адамға – 127 129 теңге;
- алты және одан көп адамға – 138 685

теңге [15].

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейі – 46 228 теңге. Асыраушысынан айырылған және үш адам асырауындағы отбасы 100 мың теңге шамасында ғана жәрдем алады. Жыл сайынғы инфляция аясында бұл соманың сатып алу қабілеттілігі тұрақты түрде төмендейді, бұл жесір отбасылардың экономикалық осалдығын күшейтеді. Бұл айырмашылық ажырасқан әйелге берілетін бағдарламалар жиынтығы мен жесір әйелге берілетін қолдау

арасындағы құрылымдық диспропорцияны айқын көрсетеді.

7) Тұрғын үй көмегі. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларға, оның ішінде толық емес отбасыларға, коммуналдық қызметтер, байланыс, жалдау төлемдері және электр энергиясының бір фазалық есептегішінің құнын төлеуге арналады.

8) Білім беру жеңілдіктері. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 6-бабы 11-тармағы бойынша әр мектеп жыл басындағы бюджетінің кемінде 2%-ын әлеуметтік жағдайы нашар оқушыларға (киім-кешек, оқулық, мектепте тамақтандыру, санаторий жолдамалары және т.б.) жұмсауға міндетті [16]. Жоғары оқу орындарында толық емес отбасылардан шыққан студенттерге оқу ақысы бойынша жеңілдіктер қарастырылады: мысалы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аталған санатқа 10%-ға дейінгі жеңілдік ұсынады, Абай атындағы ҚазҰПУ – 15%-ға дейінгі жеңілдік ұсынады; бос грант орындарына конкурсқа қатысу басымдығы беріледі; жатақхана орындары басымдық тәртібінде беріледі.

9) Алимент. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы ҚР Кодексі бойынша ата-аналар кәмелетке толмаған балаларын асырауға міндетті, ажырасу кезінде алимент туралы келісім жасасуы немесе сот шешімімен оны алуы мүмкін.

Осылайша, аталған бес заңнамалық акт шеңберінде толық емес отбасы санатына жатқызылатын тұлғаларға тоғыз бағыт бойынша мемлекеттік қолдау тетіктері қарастырылғаны анықталды. Бұл тетіктердің жиынтық нормативтік архитектурасы бірнеше аспектіге назар аударуға мүмкіндік береді. Бірінші, тізбенің жиынтық санының ауқымы «толық емес отбасы» санатын мемлекет тарапынан кешенді қорғалатын, ерекше құқықтар жиынтығымен жабдықталған нормативтік позицияға айналдырады. Екінші, аталған тетіктер жиынтығының рационалды-таңдау тұрғысынан талдауы мынаны байқатады: қолданыстағы нормативтік архитектурада толық отбасы статусын сақтауды экономикалық тұрғыдан нақты ынталандыратын механизм жоқ; ал ажырасу арқылы «толық емес отбасы» санатына өту бірқатар бағдарламаларға қол жеткізуге жол ашады. Бұл байланыс кесімді себеп-салдарлық дәлелдеме ретінде емес, микроэкономикалық тексеруді қажет ететін гипотеза ретінде ұсынылады.

## **Ресей Федерациясының Солтүстік Кавказ өңірлерімен салыстырмалы талдау**

Әлеуметтік қолдау тетіктерінің ажырасу динамикасына әсері туралы гипотезаны салыстырмалы тұрғыдан тексеру үшін Қазақстанмен әлеуметтік-мәдени тұрғыда жақын Ресей Федерациясының Солтүстік Кавказ өңірлерінің тәжірибесі қарастырылды. Бұл өңірлерде дәстүрлі мұсылмандық отбасы құндылықтары жоғары рөл атқарып келген және 2010 жылдардың басына дейін ажырасу деңгейі салыстырмалы түрде төмен болған.

2020 жылы Ресей Федерациясында ажырасу деңгейі ең жоғары өңірлер ретінде Сахалин (1000 адамға 5,1), Магадан (5,1) және Калининград (5,0) облыстары тіркелген. Ингушетия мен Шешенстанда ажырасу 1000 адамға бар-жоғы 1 көрсеткіш болған [17]. 2020–2021 жылдары Ресейде неке тіркеу рекордтық деңгейге жеткен кезде Дағыстан, Шешенстан, Ингушетияда некеге тұру қарқыны салыстырмалы түрде төмен болған [17].

Ал 2022 жылы Росстат деректеріне сүйенгенде, ажырасу деңгейі ең жоғары өңірлер тізімі Солтүстік Кавказ республикалары болды: Ингушетия (мың некеге шаққанда 2542 ажырасу), Шешенстан (2069), Дағыстан (1967), Қарашай-Черкесия (1520), Солтүстік Осетия (1390) [18]. Кейіннен бұл өңірлердегі ажырасу деңгейі бір жарым-екі есеге азайғаны тіркелсе де (2024–2025 жж. деректер бойынша), 2021–2023 жылдар аралығындағы күрт өсу демографиялық тұрғыдан назар аударуға тұрарлық құбылыс болып қала береді [18]. Аталған кезеңде Шешенстанда ажырасу неке санынан үш есеге жуық, Дағыстанда 2,2 есе, Ингушетияда 1,9 есе көп болған [18].

Демограф И. Ефремовтың пайымдауынша, бұл өзгерістің бір ықтимал себебі – 2022 жылы 8–17 жас аралығындағы балалары бар отбасыларға арналған жәрдемақыны жалпы отбасылық табысы ең төменгі еңбекақы көрсеткішінен (МРОТ) аспайтын отбасыларға бағыттау, ал 2023 жылы аналогиялық критерийлерге негізделген балалары бар отбасыларға бірыңғай жәрдемақыны енгізу. Бұл шарттар ажырасуды формалды түрде ресімдеу арқылы отбасы табысын есепке алу базасын азайтудың құралына айналуы мүмкін [18]. Дегенмен Ефремовтың өзі бұл байланысты гипотеза ретінде ұсынады, оны кесімді себеп ретінде көрсетпейді.

Бұл салыстырмалы талдаудан төмендегі әдіснамалық тұжырым жасауға болады. Ресей Федерациясының Солтүстік Кавказ өңірлеріндегі ажырасу динамикасының өзгеру кезеңі (2021–2024 жж.) жалғызбасты ата-аналарға бағытталған әлеуметтік қолдауды күшейту кезеңімен хронологиялық сәйкеседі. Бұл сәйкестік себеп-салдар байланысын дәлелдемейді (хронологиялық қатарласу басқа фактормен – мысалы, өңірлік экономикалық циклмен, жаппай көші-қонмен – де түсіндірілуі мүмкін), бірақ ол Қазақстандағы ұқсас қолдау тетіктерінің ажырасу динамикасына жанама әсер ету мүмкіндігі туралы гипотезаны эмпирикалық тұрғыдан назарға алуға негіз береді. Бұл салыстыру нәтижесі мынадай қорытындыға итермелейді: Қазақстанда осы тәрізді ынта тетіктерінің ықтимал әсерін эмпирикалық тұрғыдан тексеретін микро-деректер негізіндегі арнайы зерттеу қажет.

### **«Толық емес отбасы» санатының ұғымдық құрамы және құқықтық мәртебелердің ажыратылауы**

Аталған заңнамалық актілерге тереңірек талдау жасау үшін, ең алдымен, «толық емес отбасы» ұғымының нормативтік шегін анықтау қажет. ҚР Әлеуметтік кодексі (2023) мен тұрғын үй, білім беру заңдары аясындағы іс жүзіндегі қолданыста [19] «толық емес отбасы» термині бір ұғымдық шеңберде үш әртүрлі әлеуметтік-құқықтық жағдайды біріктіреді:

1) Жесір әйел – күйеуі қайтыс болуына байланысты әйел жалғыз қалған отбасы. «Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде» «жесір» сөзінің араб тіліндегі мағыналары «тұтқын», «тұтқынға түсу, тұтқында қалу» ретінде көрсетіледі; қазіргі қазақ тілінде «күйеуі өлген әйел» деген ауыспалы мағынада қолданылады [20, 177-б.]. Қазақ дәстүрлі қоғамында жесір әйел ерекше әлеуметтік-құқықтық мәртебеге ие болған. Дәстүрлі қазақ қоғамында жесірді қамтамасыз ету ағайын-туыс пен қауымдық міндет ретінде нормативтелген.

2) Ажырасқан әйел – заңды некеде болып, қазіргі күнде заңды түрде ажырасқан әйел. «Ажырасу – адамдардың бір-бірімен тіл табыса алмай бөлектенуі» [21, 32-б.]. Бұл санатқа жататын әйелдің қоршаған ортасы өзгелерден өзгеше: оның бұрынғы күйеуі заңды баланың әкесі ретінде бар, ажырасу актісі ерікті таңдау нәтижесі (бір жақты немесе екі жақты), ал ба-

лаларды асырау міндеттемесі заң бойынша екі ата-анаға бірдей жүктелген.

3) Жалғызбасты ана – заңды некеге тұрмастан бала туған әйел. Электрондық үкімет порталының айқындамасына сәйкес, жалғызбасты ана – заңды некеге тұрмай дүниеге сәби әкелген әйел және оларға алимент төленбейді [21]. Бұл санат экономикалық тұрғыдан да, әлеуметтік-мәдени тұрғыдан да, нормативтік тұрғыдан да жоғарыда аталған екі санаттан ерекшеленеді.

Бұл үш санаттың құқықтық тұрғыдан бір «толық емес отбасы» категориясына біріктірілуі ұғымдық қайшылық тудырады. Олардың әлеуметтік-демографиялық сипаты, осалдық ауқымы, қажеттіліктері, моральдық-нормативтік дәлелдемесі бір-бірінен ерекшеленеді: жесірлік – ерлі-зайыптылар тарапының қатысынсыз, көбіне сыртқы себептермен байланысты жағдай; ажырасу – екі тараптың құқықтары мен жауапкершілігі бар, кәмелетке толмаған бала бар жағдайдағы келісім; жалғызбастылық – бала әкесінің мүлдем анықталмаған жағдайы. Заңнамалық бірыңғайландыру барлық санатқа біркелкі қолдау тетігін ұсынады, бірақ нақты әлеуметтік қажеттіліктер құрылымдық тұрғыдан өзгеше. Бұл атаулы қолдау бағдарламаларының тиімділігін төмендетіп, ресурстарды осалдығы әртүрлі топтарға бірдей бөлуге әкеледі.

Сонымен қатар, осы санаттардың ажырамауы қайырымдылық қорларының жұмысында да түсінбеушілік тудыруда: «жесірлерге көмек» бағдарламалары жиі ажырасқан әйелдерді қамту үшін немесе керісінше әрекет етеді, ал ұйымдар бұл арада нақты тиісті топтың қажеттілігіне сай ресурс жұмсамайды.

Қазақстандағы алимент жүйесі де дербес проблемаларды көрсетеді. ҚР Әділет министрлігі Атқару комитетінің 2026 жылғы наурыздағы деректеріне сәйкес, алимент бойынша берешек сомасы 18 млрд теңгеге жетіп, 12,7 мың төлем (4%) проблемалы деп танылған; борышкерлер басым көпшілікте ер адамдар [22]. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша мәліметінше, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны 196,2 мыңға жуық адам алып отыр [23]. Әйелдер мен балаларға арналған дағдарыс орталықтарының жетіспеушілігі де (бар болғаны 20 өңірге 20

орталық қана, яғни республикалық маңызы бар әр орталыққа бір ғана данадан келеді [24]) жүйелі әлеуметтік инфрақұрылымның олқылықтарын көрсетеді. Қазақстандағы ажырасқан аналардың экономикалық және әлеуметтік жағдайын зерттеген сапалы әлеуметтанулық жұмыста алимент төлемдерін өндіріп алу тетіктерінің әлсіздігі мен «толық емес отбасы» санатына кірген әйелдердің құқықтық мәртебесінің анық еместігі бұл топтың экономикалық осалдығын күшейтетін негізгі факторлардың бірі ретінде көрсетілген [25]. Исламдық отбасы құқығы әдебиетінде нафака (асырап-бағу) міндеттемесі балалар мен әйелге қатысты әкенің бірінші кезектегі құқықтық-моральдық міндеті ретінде нормативтелген, ал бұл міндетті орындамауды Маслаха (қоғамдық игілік) тұрғысынан зиян ретінде бағалайтын фикхтік талдау заманауи зерттеулерде дамытылып келеді [26].

Қазақстандық заңнама мен Ресей Федерациясының отбасылық заңнамасы құрылымдық ұқсастыққа ие. Ресейде де «толық емес отбасы» ұғымы (неполная семья) қолданылады; әртүрлі әдеби-сараптамалық бағалаулар бойынша, бұндай отбасылар барлық отбасылардың 38–40% шамасында құрайды [27]. Қазақстан мен Ресейдегі заңнаманың бұл салада ұқсастығы әлеуметтік-мәдени плагиаттан немесе кеңестік ортақ заңдық дәстүрден туындайды.

### **Құқықтық тетіктердің құрылымдық кемшіліктері және салыстырмалы нормативтік контекст**

Бұл бөлімде зерттелген бес заңнамалық актінің жиынтық нормативтік архитектурасындағы құрылымдық кемшіліктер анықталып, оларды толықтыратын салыстырмалы нормативтік контекст ұсынылады. Бөлімнің екі аспектіні біріктіретінін нақты атап өту қажет: (а) заңнамалық-саяси баға – ҚР Неке және отбасы кодексі (2011) мен Әлеуметтік кодекс (2023) нормаларының шеңберінде татуластыру тетіктерінің институционалдық жетіспеуін, мәртебелік категориялардың ажыратылмауын бағалау; (б) нормативтік-этикалық рефлексия – дәстүрлі қазақ қоғамының нормативтік жадысы ретінде ислам құқығы мен әдет-ғұрып нормаларының салыстырмалы контекстретіндегі рөлі. Авторлар бұл нормаларды қолданыстағы мемлекеттік

құқықтың баламасы ретінде ұсынбайды; олар осы нормаларды ажырасуға қатысты қазіргі заңнамалық тетіктер реттемейтін (мысалы, ата-ана жауапкершілігін моральдық бағалауда) аймақтарда толықтырушы сілтеме нүктесі ретінде пайдаланады.

Қазақстан жағдайында қолданыстағы құқықтық тетіктердің бірқатар құрылымдық кемшіліктері бар. Біріншіден, әлеуметтік қолдау тетіктерінің басым бөлігі некені сақтап қалуға емес, толық емес отбасы санатына өткен жағдайды қолдауға бағытталған; татуластыру тетіктері (медиация, отбасылық кеңес беру) институционалдық тұрғыдан әлсіз дамыған. Екіншіден, алимент жүйесінің төлемдік тәртіпті қамтамасыз ету тетігі әлсіз, бұл балалардың материалдық жағдайына және әлеуметтік сезімталдықтың дамуына теріс әсер етеді. Үшіншіден, жоғарыда көрсетілгендей, «жесір» мен «ажырасқан әйелдің» мәртебелерінің құқықтық ажыратылмауы атаулы қолдаудың тиімділігін төмендетеді. Төртіншіден, дағдарыс орталықтарының жетіспеушілігі ажырасқан әйелдер мен балаларға қажетті психологиялық қолдау инфрақұрылымын қалыптастыруға кедергі. Соңында, мемлекеттік қолдау бағдарламаларының ешқайсысы ерлі-зайыптыларды татуластыруды институционалдық мақсат ретінде қарастырмайды.

Дәстүрлі нормативтік контексте жесірге қолдау білдіру жоғары моральдық құндылыққа ие. Хадисте Пайғамбар Мұхаммедтен (с.ғ.с.) жеткен бір риуайатта жесір мен жоқ-жітіктің қажетіне жараған адамды Аллаһ жолындағы мужаһид немесе күндіз ораза ұстап, түнде ғибадат ететін мүмін секілді бағаланатыны айтылады [28]. Бұл норма ажырасқан әйелдің жағдайынан өзгеше: дәстүрлі түсінікте ажырасу нәтижесінде әйел әкесінің немесе ағасының қамқорлығына оралады, ал ажырасқан әйелдегі балалар үшін материалдық жауапкершілік ең алдымен әкеге жүктеледі. Жалғызбасты аналардың және әкесі белгісіз балалардың жағдайы бөлек категория ретінде қарастырылады. Заманауи исламдық қоғамдарда жесірлер мен жетімдерге қолдау білдіру тек жеке моральдық міндет ретінде ғана емес, ислам әлеуметтік қаржыландыру (закят, садақа, уақф) тетіктері арқылы институционалдандырылған әлеуметтік қорғау практикасы ретінде дамытылып келеді, бұл осалдық тобын мемлекеттік бағдарламалардан тыс қосымша қорғау механизмін қалыптастырады [29].

Бұл нормативтік ажыратудың практикалық нәтижесі мынау: дәстүрлі модельде «жесір», «ажырасқан әйел» және «жалғызбасты ана» санаттары бір-біріне теңестірілмейді, оларға қатысты жауапкершілікті ұжымдық деңгейде көтеру де әртүрлі. Қазіргі мемлекеттік құқық бұларды бір санатқа біріктіру арқылы дәстүрлі нормативтік ажыратуды бұзады. Бұл дегеніміз ажырасқан әйелдерге берілетін мемлекеттік қолдауды толығымен алып тастау керек дегенді білдірмейді; ол қолданыстағы тетіктің қайта қарауы кезінде дәстүрлі нормативтік ажыратуды құрылымдық тұрғыдан назарға алу керектігін көрсетеді.

Сондықтан асыраушысынан айырылған отбасыларға берілетін мемлекеттік қолдау өмір сүру минимумын қамтамасыз ету үшін объективті қажет әрі моральдық тұрғыдан құпталған шара болып табылады; ал ажырасқан отбасыларға берілетін қолдаудың құрылымы қайта қарауды қажет етеді. Біріншіден, ажырасу кезінде балаларды асырау бойынша негізгі жауапкершілік әкеге жүктеліп қалатынын ескере отырып, мемлекеттік қолдау түсімі ата-ананың бірлескен жауапкершілігін алмастырмауы тиіс; ол қосалқы рөлде болуы тиіс. Екіншіден, толық емес отбасы санатына өту арқылы алынатын материалдық көмек пен толық отбасы статусын сақтаудан туындайтын ынта тетіктері арасындағы дисбалансты түзеу қажет.

Сонымен қатар, толық емес отбасы санатына кіру арқылы үй алу немесе мемлекеттік көмекке қол жеткізу мақсатында ажырасуды формалды түрде ұйымдастыру тәжірибесі бар екендігі қоғамдық жариялымдарда тіркелген. Атап айтқанда, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары да АӘК алу мақсатында «жалған ажырасу» (фиктивные разводы) фактілерінің артуы туралы алаңдаушылықты ашық білдірген [30]. Бұл жағдайдың ауырлығы – формалды түрде ажырасқан жұптар нақты бірге тұра беруі мүмкін, бірақ заңды ажырасу актісі әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан жұмыс істейді: алынған артықшылықтар да, бұзылған құқықтық қатынас та шынайы. Бұл құбылыс әлеуметтік қолдау тетіктерінің ынталандыру әсерінің эмпирикалық дәлелі ретінде қарастырылуы мүмкін; халықаралық әл-ауқат экономикасы әдебиетінде көрсетілгендей, әл-ауқат бағдарламаларының есептеу формулалары мен мәртебелік критерийлері отбасылық мінез-құлыққа жанама ынталандырушы

әсер ете алады, бұл экономикалық теория тұрғысынан да рационалды-таңдау моделімен үндеседі [31].

Жалғызбасты аналар мәселесі де өзіндік ұғымдық қиындықтарға ие. Олардың мемлекеттен алатын жәрдемақысы бала саны өскен сайын ұлғаяды, бірақ балалардың әкесі құқықтық тұрғыдан жоқ болуы (немесе анықталмауы) жалпы әлеуметтік-демографиялық тұрғыдан жанама салдарларға әкелуі мүмкін. Қазақ халқының дәстүрлі экзогамиялық ережесі («жеті атаға дейін қыз алыспау») генетикалық тұрғыдан да маңызды дәстүр ретінде сақталып келеді; әкесі белгісіз балалардың үлесі артқан жағдайда бұл ережені қолдау институционалдық тұрғыдан күрделене түседі. Бұл бақылау тікелей әкесіздіктің барлық жағдайларын теріс бағалау ретінде емес, демографиялық саясат пен әлеуметтік қолдау тетіктері арасындағы үйлесімдікке назар аудару ретінде ұсынылады.

### **Асыраушысынан айырылған отбасыларға қолдаудың ерекшелігі: ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің № 257 бұйрығы шеңберіндегі талдау**

Жоғарыда келтірілген құқықтық талдау негізінде асыраушысынан айырылған отбасыларға берілетін мемлекеттік қолдаудың құрылымдық ерекшелігін бөлек атап айту қажет. Жесір отбасыларының саны бұл санаттағы туу динамикасына тікелей әсер етпейді, сондықтан мемлекеттік қолдау бұл санатта таза тұрғыда қорғау функциясын атқарады. Алайда жоғарыда көрсетілгендей жәрдемақы инфляция аясында сатып алу қабілеттілігін тұрақты түрде жоғалтады, бұл асыраушысынан айырылғандарға арналған жәрдемақының есептеу базасын қайта қарау немесе АЕК-пен индексстеу қажеттілігін көрсетеді.

Жүргізілген талдау нәтижелері негізінде мынадай саясат ұсыныстарын тұжырымдауға болады. Біріншіден, толық емес отбасы санатына өту арқылы туындайтын экономикалық артықшылық пен толық отбасы статусын сақтауды ынталандыру тетіктері арасындағы диспропорцияны қысқарту мақсатында жалпы қолдау деңгейін төмендетпей, толық отбасыларға да салыстырмалы тұрғын үй және балаларға қарау жеңілдіктерін енгізу мүмкіндігін зерттеу ұсынылады.

Екіншіден, «жесір», «ажырасқан әйел» және «жалғызбасты ана» құқықтық мәртебелерінің заңнамалық дербестілігін қалпына келтіріп, әр санаттың өзіндік сипаттамаларына сай атаулы қолдау бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндігін талқылауға ұсыну. Үшіншіден, дағдарыс орталықтарының санын кеңейтіп, олардың қызметін тек жалғызбасты немесе көп балалы аналарға көмек көрсетумен шектелмей, ерлі-зайыптыларды татуластыру, отбасылық кеңес беру және ата-ана екеуіне де тең қолжетімді қызметтерді қамтығаны жөн. Отбасын құруға ниетті жастарды арнайы оқытудан өткізу, сондай-ақ медиация және ажырасу алдындағы міндетті кеңес беру кезеңі тәрізді татуластыру тетіктерін енгізу мүмкіндігін шетел тәжірибесін зерделей отырып, алдын ала пилоттық бағдарламалармен тексергені ғылыми және практикалық тұрғыдан орынды болар еді.

### Қорытынды

Жүргізілген талдау Қазақстан Республикасындағы отбасы институтының қазіргі жағдайы көп факторлы әрі күрделі құрылыммен сипатталатынын көрсетті. Мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар отбасыларды қолдауға бағытталғанымен, олардың кейбір тетіктерінің есептеу формулалары мен бағыттылығы отбасы тұрақтылығына жанама түрде кері әсері байқалады. Атап айтқанда, толық емес отбасы санатына өту арқылы алынатын экономикалық артықшылық пен толық отбасы статусын сақтаудан туындайтын ынта тетіктері арасында құрылымдық диспропорция анықталды. Бұл диспропорция 2025 жылы ажырасулар санының 12,8%-ға өсуімен жанама түрде үндесіп, Ресей Федерациясының Солтүстік Кавказ өңірлеріндегі ұқсас процестермен салыстырмалы тұрғыдан назар аударуды қажет ететін құбылыс болып табылады. Дегенмен бұл байланыстың себеп-салдарлық сипаты эмпирикалық тұрғыдан тек арнайы микродерек зерттеулерімен расталуы мүмкін.

Алимент жүйесінің әлсіздігі (2026 жылғы дерек бойынша 18 млрд теңгеден асатын берешек), «жесір», «ажырасқан әйел» және «жалғызбасты ана» санаттарының заңнамалық тұрғыдан ажыратылмауы, дағдарыс орталықтарының жетіспеушілігі, сондай-ақ ерлі-зайыптыларды татуластыру тетіктерінің институционалдық деңгейде болмауы –

бұлардың барлығы отбасы институтының әлсіреуіне ықпал ететін құрылымдық кемшіліктер ретінде анықталды. Әлеуметтік қолдау тетіктерінің есептеу формулалары белгілі бір сценарийлерде «бөліну ынтасын» туғызуы мүмкін.

Осы талдау нәтижелері негізінде келесі ұсыныстар тұжырымдалады:

1. Толық емес отбасы санатына кіру арқылы алынатын материалдық көмек пен толық отбасы статусын сақтаудан туындайтын ынта арасындағы дисбалансты түзеу: толық отбасыларға салыстырмалы тұрғын үй және балаларға қарау жеңілдіктерін енгізу.

2. «Жесір», «ажырасқан әйел» және «жалғызбасты ана» категорияларының заңнамалық дербестілігін қалпына келтіру және әр санат үшін атаулы қолдау бағдарламаларын әзірлеу.

3. Әлеуметтік саясатқа татуластыру тетіктерін (медиация, отбасылық кеңес беру, ажырасу алдындағы міндетті курс) енгізу және дағдарыс орталықтарының желісін кеңейту; Қазақстанда медиацияның отбасылық дауларды реттеудегі әлеуеті бойынша жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулер бұл тетіктің сұранысқа ие әрі тиімді шешім ретінде енгізілуінің практикалық негіздемесін көрсетеді [32].

4. Ұсынылған тетіктер мен реформаларды алдын ала пилоттық бағдарламалар арқылы тексеру; шетелдік модельдерді бейімдеу алдында арнайы әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы отбасы институты қазіргі таңда құрылымдық трансформация кезеңінен өтуде. Мемлекеттік саясаттың әлеуметтік қолдау тетіктері отбасы институтын нығайтуға бағдарлануы тиіс; ал дәстүрлі құндылықтар мен ислами нормативтік қабат әлеуметтік саясаттың моральдық негіздемесінің бір қайнар көзі болуы мүмкін. Бұл бағыттағы келесі зерттеулер микродеректер мен авторлық эмпирикалық сауалнамалар негізінде жоғарыда айтылған гипотезаларды тексеру мақсатында жүзеге асқаны игі.

### Әдебиеттер тізімі

1 Тоқаев Қ.К. Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, 2025 жылғы 8 қыркүйек // [Электрондық ресурсы] URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt>

daurindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifryk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957 (қаралған күні: 15.10.2025).

2 Dall'Agnola J., Thibault H. Online Temptations: Divorce and Extramarital Affairs in Kazakhstan // *Religions*. – 2021. – Vol. 12, No. 8. – Art. 654. DOI: 10.3390/rel12080654

3 «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ. Берекелі отбасының қалыптасуына әсер ететін факторлар: әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдау есебі. – Астана, 2024. – 100 б.

4 Tahir T., Hamid S.H.A. Maqasid Al-Syar'i'ah Transformation in Law Implementation for Humanity // *International Journal Ihya' 'Ulum Al-Din*. – 2024. – Vol. 26, No. 1. – P. 119–131. DOI: 10.21580/ihya.26.1.20248

5 Marriage and Divorce in Islamic Law: Sociological Implications for Modern Muslim Societies // *Journal of Islamic Law El Madani*. – 2024. – Vol. 4, No. 1. // [Электрондық ресурc] URL: <https://journal.marwah-madani-riau.id/index.php/JILE/article/view/142> (қаралған күні: 22.10.2025).

6 ҚР Ұлттық статистика бюросының неке және ажырасу көрсеткіштері туралы баспасөз релиздері: 2022 жылы // [Электрондық ресурc] URL: <https://stat.gov.kz/news/2022-zhyl-y-nekeler-men-azhyrasular/>; 2023 жылы – URL: <https://stat.gov.kz/news/2023-zhyl-y-nekalesu-men-azhyrasu/>; 2024 жылы – URL: <https://stat.gov.kz/news/2024-zhyly-nekalesu-men-azhyrasu-k-rsetkishi/> (қаралған күні: 20.03.2026).

7 2025 жылы Қазақстанда 115,9 мың неке және 45,7 мың ажырасу тіркелді: ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері, 17.03.2026 // [Электрондық ресурc] URL: <https://turkystan.kz/article/278235-2025-zyly-elimizde-1159-myn-neke-qiyldy-ultyq-statistikabiurosu> (қаралған күні: 20.03.2026).

8 Әлеуметтік көмек ажырасуға себеп пе? // [Электрондық ресурc] URL: <https://aikyn.kz/291458/leumettik-komek-azhyrasug-a-seber-pe> (қаралған күні: 12.10.2025).

9 Назван возможный фактор роста разводов в Казахстане: интервью директора Центра исследований социально-демографических исследований АО «Институт экономических исследований» Б. Акмолдиной // [Электронный ресурc] URL: <https://liter.kz/23250-2/> (қаралған күні: 18.10.2025).

10 Bitler M.P., Gelbach J.B., Hoynes H.W., Zavodny M. The Impact of Welfare Reform on Marriage and Divorce // *Demography*. – 2004. – Vol. 41, No. 2. – P. 213–236. DOI: 10.1353/dem.2004.0011

11 Тұрғын үй қатынастары туралы: Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңы // [Электрондық ресурc] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000094> (қаралған күні: 12.10.2025).

12 2025 жылы АЕК, ең төменгі жалақы және зейнетақы қанша болады? // [Электрондық ресурc] URL: <https://baq.kz/2025-zhyly-aek-en-tomengizhalaqu-zhane-zeynetaqu-qansha-bolady-339132/> (қаралған күні: 14.10.2025).

13 Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі: 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ // [Электрондық ресурc] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224> (қаралған күні: 12.10.2025).

14 Кепілдендірілген әлеуметтік пакет туралы: Әлеуметтік қызмет көрсету мекемесінің ақпараты // [Электрондық ресурc] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/social-priozersk/press/news/details/228300> (қаралған күні: 14.10.2025).

15 Әлеуметтік төлемдердің мөлшерін бекіту туралы: ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 257 бұйрығы // [Электрондық ресурc] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033026> (қаралған күні: 14.10.2025).

16 Білім туралы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы // [Электрондық ресурc] URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_) (қаралған күні: 14.10.2025).

17 Браки и разводы в России: статистический обзор // [Электронный ресурc] URL: [https://www.tadviser.ru/index.php/Статья:Браки\\_и\\_разводы\\_в\\_России](https://www.tadviser.ru/index.php/Статья:Браки_и_разводы_в_России) (қаралған күні: 18.10.2025).

18 Разводы на Северном Кавказе: статистический и социологический анализ // [Электронный ресурc] URL: <https://takiedela.ru/notes/razvody-na-severnom-kavkaze/> (қаралған күні: 18.10.2025).

19 Қазақстанда аз қамтылған және толық емес отбасыға қандай көмек көрсетіледі // [Электрондық ресурc] URL: <https://kaz.nur.kz/nurfin/pension/1780271-kazakstanda-az-kamtylgan-zne-tolyk-emes-otbasyga-kandaj-kmek-krsetedi/> (қаралған күні: 12.10.2025).

20 Бизақов С., Болғанбаев Ә., Дәулетқұлов Ш. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 720 б.

21 Жалғызбасты ана мәртебесі – туралы анықтама // Электрондық үкімет (egov.kz) ақпараттық порталы // [Электрондық ресурc] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek-shymkent/press/news/details/156128> (қаралған күні: 12.10.2025).

22 Қазақстанда алимент бойынша берешек 18 миллиард теңгеден асты // [Электрондық ресурc] URL: <https://turkystan.kz/article/278712-qazaqstanda-aliment-qaryzy-18-mlrd-tengege-zetti> (қаралған күні: 30.03.2026).

23 Асыраушысынан айырылған қазақстандықтарға берілетін жәрдемақы мөлшері белгілі болды: ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ақпараты, 16.04.2025 // [Электрондық ресурc] URL: <https://kaz.zakon.kz/kogam-tyunusy/6060163-asyraushysynan-ayyrylan-azastandytara-berletn-zhrdemaqy-mlsher-belgl-boldy.html> (қаралған күні: 18.10.2025).

24 Әйелдер мен балаларға арналған дағдарыс орталықтары желісінің жай-күйі // Алматы қаласы әкімдігінің Омбудсмен қызметінің хабарламасы // [Электрондық ресурc] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman-almaty/press/news/details/748239> (қаралған күні: 18.10.2025).

25 Okanova A. Divorced mothers in Kazakhstan: A preliminary assessment of their financial and social issues. – Astana: Nazarbayev University, Graduate School of Public Policy, 2017 // [Электрондық ресурc] URL: <https://nur.nu.edu.kz/items/09c48a4b-aa85-47e8-a4fe-82aca8005e2a> (қаралған күні: 22.10.2025).

26 Regulation of Maintenance in Islamic Family Law: Implications for Family Welfare // *International Journal of Health, Economics, and Social Sciences (IJHES)*. – 2023. – Vol. 5, No. 2. DOI: 10.56338/ijhess.v5i2.6639

27 Неполные семьи в России: статистический и социально-правовой анализ // [Электронный ресурc] URL: <https://trends.rbc.ru/trends/social/67eb9ba99a7947165b574ab9> (қаралған күні: 19.10.2025).

28 Әл-Бухари Мухаммад ибн Исмаил. Әл-Жәмиғ әл-Муснәд әс-Сахих әл-Мухтасар мин умури

расули-Лләһи уә сунәһиһи уә әйяһиһи. – Әр-Рияд: «Дәр әс-Сәләм лин-нәшр уәт-тәузиғ», 2012. – 4784 б.

29 Enhancing Social Welfare of Widows and Orphans through Islamic Social Finance Initiatives: A Case of Ansarul Islam Society of Nigeria // [Электрондық ресурс] URL: <https://www.researchgate.net/publication/387223167> (қаралған күні: 22.10.2025).

30 В Казахстане обеспокоены ростом числа фиктивных разводов для получения АСП // [Электронный ресурс] URL: <https://bizmedia.kz/2025-01-22-v-kazahstane-obesokoenu-obesokoenu-rostom-chislafiktivnyh-razvodov-dlya-polucheniya-asp/> (қаралған күні: 22.10.2025).

31 Moffitt R.A. The Effect of Welfare on Marriage and Fertility // Handbook of Population and Family Economics / Eds. M.R. Rosenzweig, O. Stark. – Amsterdam: Elsevier, 1997. – P. 1–57.

32 Syzdykova S.M., Omarova A.T., Imanbekova B.I., Lyapbaeva N.I. The Role of Mediation in the Settlement of Family Disputes in Kazakhstan: A Sociological Study // Journal of Applied Social Science. – 2025. – Vol. 19, No. 1. – P. 95–114. DOI: 10.1177/19367244241291813

### Transliteration

1 Tokaev K.K. Zhasandy intellekt daurindegi Kazakhstan: ozekti maseleler zhane ony tubegeyili tsifryk ozgerister arkyly sheshu [Kazakhstan in the era of artificial intelligence: pressing issues and their resolution through fundamental digital transformations]: Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan, September 8, 2025 // [Electronic resource] URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauly-...> (in Kaz).

2 Dall'Agnola J., Thibault H. Online Temptations: Divorce and Extramarital Affairs in Kazakhstan // Religions. – 2021. – Vol. 12, No. 8. – Art. 654. DOI: 10.3390/rel12080654

3 «Kazakstandyk kogamdyk damu instituty» KeAK. Berekeli otbasynyng kalyptasuyna aser etetin faktorlar [Factors influencing the formation of a prosperous family]: Sociological research analytical report. – Astana, 2024. – 100 p. (in Kaz).

4 Tahir T., Hamid S.H.A. Maqasid Al-Syari'ah Transformation in Law Implementation for Humanity // International Journal Ihyat 'Ulum Al-Din. – 2024. – Vol. 26, No. 1. – P. 119–131. DOI: 10.21580/ihya.26.1.20248

5 Marriage and Divorce in Islamic Law: Sociological Implications for Modern Muslim Societies // Journal of Islamic Law El Madani. – 2024. – Vol. 4, No. 1. // [Electronic resource] URL: <https://journal.marwah-madani-riau.id/index.php/JILE/article/view/142>

6 Press releases of the Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan on marriage and divorce indicators: for 2022 // [Electronic resource] URL: <https://stat.gov.kz/news/2022-zhyl-y-nekelermen-azhyrasular/>; for 2023 – URL: <https://stat.gov.kz/news/2023-zhyl-y-nekelesu-men-azhyrasu/>; for 2024 – URL: <https://stat.gov.kz/news/2024-zhyly-nekelesu-men-azhyrasu-k-rsetkishi/> (in Kaz).

7 2025 zhyly Kazakstanda 115,9 myng neke zhane 45,7 myng azhyrasu tirkeldi [In 2025, 115.9 thousand marriages and 45.7 thousand divorces were registered in Kazakhstan]: Bureau of National Statistics, 17.03.2026 // [Electronic resource] URL: <https://turkystan.kz/article/278235-...> (in Kaz).

8 Aleumettik komek azhyrasuga sebep pe? [Is social assistance a cause of divorce?] // [Electronic resource] URL: <https://aikyn.kz/291458/leumettik-komek-azhyrasug-a-sebep-pe> (in Kaz).

9 Nazvan vozmozhnyy faktor rosta razvodov v Kazakhstane [A possible factor for the rise in divorces in Kazakhstan has been named]: interview with B. Akmoldina // [Electronic resource] URL: <https://liter.kz/23250-2/> (in Russ).

10 Bitler M.P., Gelbach J.B., Hoynes H.W., Zavodny M. The Impact of Welfare Reform on Marriage and Divorce // Demography. – 2004. – Vol. 41, No. 2. – P. 213–236. DOI: 10.1353/dem.2004.0011

11 Turgyn uy katynastary turaly: Kazakstan Respublikasynyng 1997 zhylygy 16 sauirdegi № 94 Zangy [On housing relations: Law of the Republic of Kazakhstan No. 94 of April 16, 1997] // [Electronic resource] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000094> (in Kaz).

12 2025 zhyly AEK, eng tomengi zhalaky zhane zeynetaky kansha bolady? [What will the MCI, minimum wage and pension be in 2025?] // [Electronic resource] URL: <https://baq.kz/2025-zhyly-aek-...> (in Kaz).

13 Kazakstan Respublikasynyng Aleumettik kodeksi: 2023 zhylygy 20 sauirdegi № 224-VII KRZ [Social Code of the Republic of Kazakhstan: No. 224-VII of April 20, 2023] // [Electronic resource] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224> (in Kaz).

14 Kepildendirilgen aleumettik paket turaly [On the guaranteed social package] // [Electronic resource] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/social-priozersk/press/news/details/228300> (in Kaz).

15 Aleumettik tolemderding molsherin bekitu turaly: KR Engbek zhane khalykty aleumettik korgau ministring 2023 zhylygy 27 mausymdgy № 257 buyrygy [On approval of the amounts of social payments: Order No. 257 of the Minister of Labour and Social Protection of the RK of June 27, 2023] // [Electronic resource] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033026> (in Kaz).

16 Bilim turaly: Kazakstan Respublikasynyng 2007 zhylygy 27 shildedegi № 319-III Zangy [On Education: Law of the Republic of Kazakhstan No. 319-III of July 27, 2007] // [Electronic resource] URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0700000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0700000319_) (in Kaz).

17 Braki i razvody v Rossii [Marriages and divorces in Russia]: statistical overview // [Electronic resource] URL: [https://www.tadviser.ru/index.php/Stat'ya:Braki\\_i\\_razvody\\_v\\_Rossii](https://www.tadviser.ru/index.php/Stat'ya:Braki_i_razvody_v_Rossii) (in Russ).

18 Razvody na Severnom Kavkaze [Divorces in the North Caucasus]: statistical and sociological analysis // [Electronic resource] URL: <https://takiedela.ru/notes/razvody-na-severnomo-kavkaze/> (in Russ).

19 Kazakstanda az kamtylgan zhane tolyk emes otbasyga kanday komek korsetiledi [What support is provided in Kazakhstan to low-income and single-parent families] // [Electronic resource] URL: <https://kaz.nur.kz/nurfin/pension/1780271-...> (in Kaz).

20 Bizakov S., Bolganbaev A., Dauletkulov Sh. Kazak tilingin sinonimder sozdigi [Dictionary of synonyms of the Kazakh language]. – Almaty: Arys Publishing House, 2005. – 720 p. (in Kaz).

21 Zhalgyzbasty ana martebesі turaly anyktama [Reference on the status of a single mother] // Electronic Government Portal (egov.kz). [Electronic resource] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek-shymkent/press/news/details/156128> (in Kaz).

22 Kazakstanda aliment boyynsha beresek 18 milliard tengenden asty [In Kazakhstan, child support

arrears exceeded 18 billion tenge] // [Electronic resource] URL: <https://turkystan.kz/article/278712-qazaqstanda-aliment-qaryzy-18-mlrd-tengege-zetti> (in Kaz).

23 Asyraushysynan ayyrylgan kazakstandyktarga beriletin zhardemaky molsheri belgili boldy [The amount of survivor benefits for Kazakhstanis is determined]: Information of the Ministry of Labour and Social Protection of the RK, 16.04.2025 // [Electronic resource] URL: <https://kaz.zakon.kz/kogam-tyynsy/6060163-asyraushysynan-ayyrylan-azastandytara-berletn-zhrdemay-mlsher-belgl-boldy.html> (in Kaz).

24 Ayelder men balalarga arналған dagdarys ortalyktary zhelisining zhay-kuyi [State of the network of crisis centres for women and children] // [Electronic resource] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman-almaty/press/news/details/748239> (in Kaz).

25 Okanova A. Divorced mothers in Kazakhstan: A preliminary assessment of their financial and social issues. – Astana: Nazarbayev University, Graduate School of Public Policy, 2017. // [Electronic resource] URL: <https://nur.nu.edu.kz/items/09c48a4b-aa85-47e8-a4fe-82aca8005e2a>

26 Regulation of Maintenance in Islamic Family Law: Implications for Family Welfare // International Journal of Health, Economics, and Social Sciences (IJHESS). – 2023. – Vol. 5, No. 2. DOI: 10.56338/ijhess.v5i2.6639

27 Nepolnye sem'i v Rossii [Single-parent families in Russia]: statistical and socio-legal analysis // [Electronic resource] URL: <https://trends.rbc.ru/trends/social/67eb9ba99a7947165b574ab9> (in Russ).

28 Al-Bukhari Muhammad ibn Ismail. Al-Jami al-Musnad as-Sahih al-Mukhtasar min umuri rasuli-Llahi wa sunanihi wa ayyamihi. – Riyadh: Dar as-Salam, 2012. – 4784 p. (in Arab).

29 Enhancing Social Welfare of Widows and Orphans through Islamic Social Finance Initiatives: A Case of Ansarul Islam Society of Nigeria // Conference Proceedings, 2024 C.E. / 1445 A.H. // [Electronic resource] URL: <https://www.researchgate.net/publication/387223167>

30 V Kazakhstane obespokeyny rostom chisla fiktivnykh razvodov dlya polucheniya ASP [In Kazakhstan, concern is raised about the rise in fictitious divorces for obtaining TSA] // [Electronic resource] URL: <https://bizmedia.kz/2025-01-22-...> (in Russ).

31 Moffitt R.A. The Effect of Welfare on Marriage and Fertility // Handbook of Population and Family Economics / Eds. M.R. Rosenzweig, O. Stark. – Amsterdam: Elsevier, 1997. – P. 1–57.

32 Syzdykova S.M., Omarova A.T., Imanbekova B.I., Lyapbaeva N.I. The Role of Mediation in the Settlement of Family Disputes in Kazakhstan: A Sociological Study // Journal of Applied Social Science. – 2025. – Vol. 19, No. 1. – P. 95–114. DOI: 10.1177/19367244241291813

**Авторлардың үлесі;** А.О. Мергембаев – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, эмпирикалық деректерді жинау және құқықтық талдау, мақаланың алғашқы нұсқасын дайындау. Р.С. Мухитдинов – ғылыми жетекшілік ету, әдіснаманы пысықтау, әлеуметтік-демографиялық деректерді талдау, мәтінді редакциялау. А. Дүйсенбаева – дереккөздермен жұмыс, нормативтік-этикалық бөлімді әзірлеу, мақаланың ғылыми стилистикасымен рәсімдеу жұмыстарына үлес қосты.

#### АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Ақан Орымбайұлы Мергембаев* PhD докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: [akanmergembai@gmail.com](mailto:akanmergembai@gmail.com), ORCID ID: 0009-0006-5755-0697
- Рашид Сражұлы Мухитдинов* қауымдастырылған профессор, филология ғылымдарының кандидаты, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: [mukhitdinov.rashid@gmail.com](mailto:mukhitdinov.rashid@gmail.com), ORCID ID: 0000-0003-3910-8222
- Альбина Дүйсенбаева* доцент міндетін атқарушы, PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, email: [albina87.03@yandex.kz](mailto:albina87.03@yandex.kz), ORCID ID: 0000-0002-4556-3152
- Ақан Орымбаевич Мергембаев* PhD докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: [akanmergembai@gmail.com](mailto:akanmergembai@gmail.com), ORCID ID: 0009-0006-5755-0697
- Рашид Сражович Мухитдинов* ассоциированный профессор, кандидат филологических наук, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: [mukhitdinov.rashid@gmail.com](mailto:mukhitdinov.rashid@gmail.com), ORCID ID: 0000-0003-3910-8222
- Альбина Дюсенбаева* исполнитель обязанности доцента, PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, email: [albina87.03@yandex.kz](mailto:albina87.03@yandex.kz), ORCID ID: 0000-0002-4556-3152
- Akan Mergembaiev* PhD student, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, email: [akanmergembai@gmail.com](mailto:akanmergembai@gmail.com), ORCID ID: 0009-0006-5755-0697
- Rashid Mukhitdinov* Associate Professor, Candidate of Philological Sciences, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, email: [mukhitdinov.rashid@gmail.com](mailto:mukhitdinov.rashid@gmail.com), ORCID ID: 0000-0003-3910-8222
- Albina Duisenbayeva* Acting Associate Professor, PhD, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, email: [albina87.03@yandex.kz](mailto:albina87.03@yandex.kz), ORCID ID: 0000-0002-4556-3152